- Микротолқынды пешті қабырғаға қарама-қарсы қою керек.
- Құрылғының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Пештің есігі есік жақтауына нық жабылатынына көз жеткізіңіз. Пештің ішін босатып, жұмсақ, дымқыл матамен тазалаңыз.

 Пештің электрлік сымы немесе ашасы зақымдалған болса, пеш тиісті түрде жұмыс істемей тұрса немесе зақымдалған не жерге құлап кеткен жағдайда, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электрлік сымды немесе ашаны суға салмаңыз. Электрлік сымды ыстық заттардан алыс ұстаңыз. Ток соғу, өрт шығуы немесе басқа да қауіп-қатерге себеп болуы мүмкін.

• Ұзартқышты пайдаланбаңыз: Егер қуат көзінің сымы тым қысқа болса, құрылғының жанында розетка орнату үшін, білікті электршіге немесе монтерге хабарласыңыз.

 Бұл құрылғыны жерге тұйықтау КЕРЕК, әйтпесе ток соғу қаупі туындауы мүмкін. Оны тиісті түрде орнатылған жерге тұйықталған розеткаға немесе сақтандырғышы бар жерге тұйықталған коммутациялық қорапқа жалғау КЕРЕК. Жерге тұйықтау нұсқауларын дұрыс түсінбесеңіз немесе микротолқынды пештің жерге дұрыс тұйықталғанына күмәніңіз болса, білікті электрик маманға немесе монтерге хабарласыңыз.

## ҚОСҚАННАН КЕЙІН

- Пешті есігі нық жабылғанда ғана пайдалануға болады.
- Егер пеш теледидарға, радиоға немесе антеннаға жақын орналастырылса, теледидарлық қабылдау нашарлап, радио кедергілері пайда болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет. Бұл талаптарды орындамау себебінен туындаған адамдардың, жануарлардың дене жарақаттарына немесе заттардың зақымдалуына өндіруші жауап бермейді.
- Бұл талаптарды сақтамаудан пайда болатын көз келген мәселе үшін өндірушілер жауапты емес.

## МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫН МҰҚИЯТ ОҚЫҢЫЗ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТА ҚАРАУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙҢЫЗ

- Пештің ішінде немесе жанында ыстық немесе жанғыш материалдарды пайдаланбаңыз. Газдар өрт немесе жарылыс қаупін тудыруы мүмкін.
- Пешті текстиль материалдарын, қағазды, тұздықтарды, өсімдіктерді, ағашты, гүлдерді немесе басқа өртенгіш материалдарды құрғату үшін пайдаланбаңыз. Ол өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- Егер пештің ішкі / сыртқы жағындағы материал өртенсе немесе түтін шықса, пештің есігін жауып, пешті өшіріңіз. Қуат сымын ажыратыңыз немесе сақтандырғыштағы қуатты немесе автоматты ажыратқыш панелін өшіріңіз.
- Тағамды шамадан тыс қыздырмаңыз. Ол өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- Пешті әсіресе, тағам дайындау барысында қағаз, пластик немесе басқа да тұтанғыш материалдарды пайдалансаңыз, қараусыз қалдырмаңыз. Тағамды қыздыру кезінде, қағаз күйіп немесе жанып кетуі, ал пластик материалдар еріп кетуі мүмкін. Май немесе сұйық майды көп мөлшерде пайдаланған кезде, пешті қараусыз қалдырмаңыз, себебі олар шамадан тыс қызып кетіп, өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- Бұл құрылғыда коррозиялық химиялық заттарды немесе буларды пайдаланбаңыз. Пештің бұл түрі тек тағамды ысытуға немесе тамақ дайындауға арналған. Ол өндірістік және зертханалық қолданысқа арналмаған.
- Пештің есігіне ауыр заттар ілменіз немесе есіктің үстіне қоймаңыз, себебі олар есікті немесе есіктің

топсаларын зақымдауы мүмкін. Есіктің тұтқасына да ештеңе ілуге болмайды.

- Микротолқынды пеш тағам мен сусындарды жылытуға арналған. Тағам не киімді құрғату және жылыту жастықшаларын, шәрке, ысқыштарды, ылғалды мата мен соған ұқсас заттарды жылыту жарақат алу, тұтану немесе өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.
- Бұл құрылғыны 8 жасқа толған балаларға және физикалық, сезу мүмкіндігі шектеулі немесе ақыл-ой қабілеті төмен не тәжірибесі мен білімі аз адамдарға құрылғыны қауіпсіз түрде пайдалану туралы нұсқаулар мен оны пайдаланудағы қауіп-қатерлер түсіндірілген жағдайда ғана қолдануға болады. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз. Балалар 8 жасқа толмаса және үлкендер тарапынан қадағаланып тұрмаса, тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүзеге асырмауы қажет. Құрылғы мен оның электрлік сымына 8 жасқа толмаған балаларды жақындатпаңыз.
- Физикалық, сезу мүмкіндіктері шектеулі немесе ақыл-ой қабілеті төмен не тәжірибесі мен білімі аз адамдардың қауіпсіздігіне жауап беретін адам қадағаламаса немесе құрылғыны пайдалану туралы нұсқаулар берілмесе, олардың құрылғыны пайдалануына жол берілмейді.
- Балалар құрылғымен ойнамайтындай үлкендер тарапынан қадағалануы қажет.
- Микротолқынды пешті ауа өткізбейтіндей жабылған контейнердегі затты қыздыру үшін пайдаланбаңыз. Қысым деңгейі

жоғарылап, ашқан кезде зақым келтіруі немесе жарылуы мүмкін.

- Есіктің тығыздауыш резеңкелері мен оның айналасында зақым белгілерінің бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп тұру қажет. Егер ол жер зақымдалған болса, қызмет көрсету орталығының білікті маманы жөндейінше, құрылғыны пайдалануға болмайды.
- Құрылғылар сыртқы таймер немесе бөлек *қашықтан басқару жүйесі арқылы басқаруға арналмаған*.
- Микротолқынды пешті қабығы бар немесе қабықсыз жұмыртқаны пісіру немесе жылыту үшін пайдаланбаңыз, себебі ол микротолқынды жылыту аяқталғаннан кейін де жарылуы мүмкін.

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ЖАЛПЫ

- Бұл құрылғы тек үй жағдайында қолдануға арналған!
- Микротолқындарды пайдаланған кезде, пештің ішіне тағам салмай қосуға болмайды. Ол құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Пештегі вентиляциялық саңылаулар жабық тұрмауы қажет. Ауа кіретін немесе шығатын саңылауларды бекіту нәтижесінде пеш зақымдалып, дұрыс ысытпауы мүмкін.
- Пешті пайдалану әдісін үйреніп жатсаңыз, ішіне бір стақан су қойыңыз. Су микротолқынды қуатты өзіне сіңіріп алады және пеш зақымдалмайды.
- Құрылғыны далаға қоймаңыз немесе далада пайдаланбаңыз.
- Өнімді ас үйдің шұңғылшасының, дымқыл жердің немесе бассейннің тағы сол сияқты ылғалды жоғары жерде пайдаланбаңыз.
- Пеш науасын заттарды сақтау мақсатында пайдаланбаңыз.
- Қағаз немесе пластик дорбаны пешке салған кезде, дорбаның бауын алып тастаңыз.

## ҚАТТЫ ҚУЫРУ

- Пешті қатты қуыру мақсатында пайдаланбаңыз, себебі майдың температурасын басқару мүмкін емес.
- Тамақ әзірлеп болған соң контейнерлерді, пеш бөліктерін және табаны ұстаған кезде күйіп қалуды болдырмау үшін, ыстық өткізбейтін қолғаптарды немесе тұтқыштарды пайдаланыңыз. Пайдалану кезінде қолжетімді бөлшектер ыстық болуы мүмкін, балалар алшақ болуы қажет.

## СҰЙЫҚТЫҚТАР

- Мысалы, сусындар немесе су. Сұйықтықтың қайнау нүктесінен тыс қызып кетуі көпіршу белгісіз орын алуы мүмкін. Бұл ыстық сұйықтықтың кенеттен қайнап кетуіне себеп болуы мүмкін.
- Бұндай жағдайдың алдын алу үшін, төменде көрсетілген қадамдар орындалуы қажет:
  1. Мойны жіңішке тік қабырғалы контейнерлерді пайдаланбаңыз.
  2. Контейнерді пешке қоймас бұрын, сұйықтықты араластырыңыз да, шай қасығын контейнерде қалдырыңыз.
  3. Қыздырған соң, біраз күтіңіз де, пештен контейнерді алмас бұрын, тағы бір рет араластырыңыз.
- Сәбилерге арналған тамақты немесе сұйықтықты сәбилерге арналған шөлмекте немесе ыдыста жылытқан соң, әрдайым араластырыңыз және сәбиіңізге бермес бұрын, температурасын тексеріңіз. Бұл ыстықтың түгелдей араласуына мүмкіндік беріп, күйіп қалу қаупінің алдын алады.
- Ысытпас бұрын, қақпағы мен емізігін алып тастаңыз!

## АКССУАРЛАР ЖАЛПЫ

Нарықта бірнеше қолжетімді қосалқы құралдар бар. Сатып алмас бұрын, оларды микротолқынмен қолдануға болатынына көз жеткізіңіз.

Сіз қолданатын құралдар пешке тәзімді екеніне және тамақ дайындамас бұрын олардың микротолқындарды өткізетініне көз жеткізіңіз.

Тағамдарды және қосалқы құралдарды микротолқынды пештің ішіне салған кезде, олар пештің ішкі жағына тимейтініне көз жеткізіңіз.

Бұл әсіресе металдан жасалған немесе металл бөлшектері бар қосалқы құралдарға қатысты.

Құрамында металл бөлшектер бар аксессуарлар пештің ішкі бөлігіне тиген жағдайда, пеш жұмыс істеп тұрса, ұшқын шығып, пеш зақымдалуы мүмкін.

Пешті іске қоспас бұрын айналмалы платформаның еркін айналатынына көз жеткізіңіз. Егер айналмалы платформа еркін айналмаса, басқа ыдыс пайдалануыңыз керек.

## АЙНАЛМАЛЫ ПЛАТФОРМА ТІРЕГІ



Әйнектен жасалған айналмалы платформаның астына айналмалы тірек қолданыңыз. Айналмалы платформа тірегіне басқа құрал қоймаңыз.

- Айналмалы платформа тірегін пешке орналастырыңыз.

## ӘЙНЕКТЕН ЖАСАЛҒАН АЙНАЛМАЛЫ ПЛАТФОРМА



Әйнектен жасалған айналмалы платформаны барлық тамақ пісіру әдістерімен пайдаланыңыз. Ол пештің ішін былғайтын шырын тамшылары мен тамақ қалдықтарын жинайды.

- Әйнектен жасалған айналмалы платформаны айналмалы тіректің үстіне қойыңыз.

## ТОР



Grill (Гриль) немесе Combi grill (комби гриль) режимінде тамақ дайындау кезінде торды пайдаланыңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Қалыпты жағдайда қажет етілетін жалғыз техникалық қызмет көрсету түрі - тазалау процесі. Тазалау жұмысы микротолқынды пеш қуат көзінен ажыратылған күйде орындалуы қажет.

Пешті таза ұстамау нәтижесінде пештің ішкі беті нашарлауы мүмкін, ал ол өз кезегінде құрылғының қызметтік мерзіміне кері әсерін тигізеді және қауіпті жағдайға себеп болуы мүмкін.

Басқару панелін және пештің сыртқы беттерін зақымдайтын металдан жасалған жөкелерді, абразивті тазалау құралдарын, болаттан жасалған жөкелерді, құмды шүберектерді

сол сияқты т.б. құралдарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ жуғыш құрал жағылған матаны немесе әйнек тазалауға арналған спрей шашылған қағаз шүберекті пайдаланыңыз. Спрей әйнек тазалағышын қағаз сүлгіге себіңіз.

Тікелей пешке шашпаңыз.

Жүйелі аралықтарда, әсіресе шашырандылар пайда болған жағдайда, айналмалы платформаны, айналмалы платформа тірегі алып, пештің негізгі бөліктерін жүйелі түрде тазалап сүртіңіз.

Бұл пеш айналмалы платформасы орнатылған күйде жұмыс істеуге арналған.

Айналмалы платформаны тазалау мақсатында шығарып тастағанда, микротолқынды пешті пайдаланбаңыз.

Пештің ішкі беттерін, есіктің алдыңғы және артқы жақтарын және есіктің өзін тазалау үшін, жұмсақ жуғыш құрал жағылған жұмсақ әрі дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.

Есіктің айналасына май немесе тамақ қалдықтарының жиналып қалуына жол бермеңіз.

Қиын кетпейтін дақтар үшін, бір стакан суды 2 немесе 3 минут пештің ішінде қайнатыңыз. Бу барлық дақтарды жұмсартады.

Бір стакан суға кішкене лимон шырынын қосып, айналмалы платформаға қойып, бірнеше минут қайнатса, пештің ішіндегі иісті кетіруге болады.

Микротолқынды пешіңізді тазалаған кезде, бумен тазалайтын құрылғыларды пайдаланбаңыз.

Пешті жүйелі түрде тазалап, тамақ қалдықтарын алып тастау керек.

Астындағы торды жүйелі түрде тазалау қажет. Бұл жұмсақ және дымқыл матамен және сұйық жуғыш құралдың көмегімен орындалуы қажет.

### **ЫДЫС ЖУУ МАШИНАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАУІПСІЗДІК:**

- Айналмалы платформа тірегі
- Тор
- Әйнектен жасалған айналмалы платформа


### **АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ НҰСҚАУЛЫҒЫ**


Егер пеш жұмыс жасамаса, төменде көрсетілген тексеру жұмыстарын орындамайынша, қызмет көрсету орталығына хабарласпаңыз:

- Айналмалы платформа мен айналмалы платформа тірегі орында.
- Аша қабырға розеткасына тиісті түрде енгізілген.
- Есік тиісті түрде жабылған.
- Сақтандырыштарды тексеріңіз және қуаттың бар екендігіне көз жеткізіңіз.

- Пеш жеткілікті түрде желдетілетінін тексеріңіз.
- 10 минут күтіңіз, содан кейін пешті тағы бір рет қосып көріңіз.
- Өрекетті қайталамас бұрын, есікті ашып, қайта жабыңыз.


Бұл өрекеттер ақылы болып табылатын қажетсіз қоңыраулардың алдын алады. Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалған кезде, пештің сериялық нөмірі мен түрінің нөмірін беріңіз (Қызмет жапсырмасын қараңыз). Қосымша кеңес алу үшін, келіптік талонын қараңыз.

 Егер электрлік сымды ауыстыру қажет болса, оны қызмет көрсету ұйымымызда қолжетімді түпнұсқа электрлік сыммен ауыстыру қажет. Электрлік сымды тек қызмет көрсету орталығының білікті маманы ауыстыру керек.

 Қызмет көрсету жұмыстары тек қызмет көрсету орталығының білікті маманы арқылы орындалады. Кез келген қызмет көрсету немесе жөндеу жұмысын қызмет көрсету орталығының білікті маманынан басқа біреудің орындауы қауіпті, себебі оған микротолқын энергиясының әсерінен қорғаныс беретін кез келген жабынды алып тастау жұмысы кіреді. Ешқандай жабынды алмаңыз.



## БАСҚАРУ ПАНЕЛІ ЖӘНЕ ДИСПЛЕЙ СИПАТТАМАСЫ



- 1 Микроволны (Microwave-Микротолқын)
- 2 Разморозка(Defrost-Еріту)
- 3 Гриль (Grill-Гриль)
- 4 Комби-гриль (Combi Grill-Комби гриль)
- 5 Поддержание тепла (Keep Warm-Жылы күйінде сақтау)
- 6 Размягчение / Плавление (Soft/Melt-Жұмсарту/еріту)
- 7 Шеф-меню (Auto Cook-Автоматты тамақ дайындау)
- 8 Автоочистка (Auto Clean-Автоматты тазалау)
- 9 +/-
- 10 СТАРТ (Start-ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ)
- 11 СТОП (Stop-ТОҚТАТУ)

- 1 Автоматты тамақ дайындау белгішесі
- 2 Еріту белгішесі
- 3 Автоматты тазалау белгішесі
- 4 Микротолқын қуаты (ватт) белгішесі
- 5 Микротолқын белгішесі
- 6 Жылуды сақтау белгішесі
- 7 Сағат/Салу уақыты белгішесі
- 8 Жұмсарту/Еріту белгішесі
- 9 Салмақ (грамм) белгішесі

### КҮТУ РЕЖИМІ

Сағат көрсетілген кезде (немесе дисплей ":" көрсеткенде сағат орнатылмаса) пеш Күту режимінде болады.

**ЭКО КҮТУ РЕЖИМІ:** Бұл функция қуатты үнемдеуге арналған. Күту режимінде болғанда, ЭКО КҮТУ режиміне ету үшін "+" және "-" түймелерін бір уақытта басуға болады. Тамақ дайындау аяқталған соң, дисплейде 10 секундтай уақыт немесе ":" көрсетіледі, содан кейін ЭКО КҮТУ режиміне өтеді. Режимнен шығу үшін екі түймені қайта басыңыз.

### ІСКЕ ҚОСУДАН ҚОРҒАУ / БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАУ ҚҰЛПЫ

Бұл автоматты қауіпсіздік функциясы пеш "күту" режиміне оралғаннан кейін, бір минут ішінде белсендіріледі. Қауіпсіздік функциясы белсенді болғанда тамақ әзірлеуді бастау үшін, есік ашылуы және жабылуы тиіс, олай болмаса, дисплейде "door (есік)" белгісі көрсетіледі.

*door*





## ТАМАҚ ӨЗІРЛЕУДІ КІДІРТУ НЕМЕСЕ ТОҚТАТУ

### Тамақ әзірлеуді кідірту үшін:

Тамақ әзірлеу процесін тамақты тексеру, қосу немесе айналдыру немесе араластыру үшін есігін ашу арқылы кідіруге болады.

Тамақ әзірлеу кезінде STOP (ТОҚТАТУ) түймесін басқан жағдайда, функция тоқтатылады.

Параметр 5 минутқа сақталады.

### Тамақ әзірлеуді жалғастыру үшін:

Есікті жабыңыз және Start (Жылдам іске қосу) түймесін басыңыз. Тамақ әзірлеу процесі кідірілген жерінен жалғасады.

**Егер тамақ әзірлеуді жалғастырғыңыз келмесе, төмендегілерді орындауға болады:** Тамақты шығарыңыз, пештің есігін жауып, Stop (Тоқтату) түймесін басыңыз.

**Тамақ әзірлеу аяқталған кезде:** Дисплей "Аяқталды" мәтінін көрсетеді. Минутына бір рет 2 минуттай дыбыстық сигнал беріледі.

Осы бағдарламаланған суыту циклін қысқарту немесе тоқтату өнім функциясына теріс әсер ететінін ескеріңіз.



## ТАҒАМДЫ ҚОСУ / АРАЛАСТЫРУ / АУДАРУ

Таңдалған функцияға байланысты, тағамды дайындау барысында қосу / араластыру / аудару қажет болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда пеш дайындауды кідіріп, қажетті әрекетті орындау үшін сұрау береді.

Қажет болғанда келесі әрекеттерді орындау керек:

\* Есікті ашыңыз.

\* Тағамды қосыңыз, араластырыңыз немесе аударыңыз (қажетті әрекетке байланысты).

\* Есікті жауып, Start (Жылдам іске қосу) түймесін басу арқылы қайта іске қосыңыз.

Ескертпелер: егер тағамды қосу, араластыру не аудару сұрауынан кейін 2 минутта есік ашылмай тұрса, микротолқынды пеш тамақ дайындау процесін жалғастырады (мұндай жағдайда соңғы нәтижелер оңтайлы болмауы мүмкін).



## САҒАТ

Құрылғыңыздың сағатын орнату үшін:

1. Күту режимінде Auto Clean (Автоматты тазалау) түймесін 3 секундтай басып тұрыңыз.
2. Сағатты орнату үшін + / - түймесін басыңыз.
3. Раптау үшін Auto Clean/ START (АвтоЧистка / ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз.
4. Минутты орнату үшін + / - түймесін басыңыз.
5. Раптау үшін Auto Clean/ START (АвтоЧистка / ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз.



## AUTO CLEAN (АВТОМАТТЫ ТАЗАЛАУ)

Бұл автоматты тазалау циклі микротолқынды пештің науасын тазалауға және жағымсыз иістерді кетіруге көмектеседі.

### • Циклді бастау алдында:

1. Контейнерге 300 мл су құйыңыз (төмендегі "Кеңестер мен ұсыныстар" бөліміндегі ұсыныстарды қараңыз).
2. Контейнерді тікелей науаның ортасына қойыңыз.

### Циклді бастау үшін:

1. Auto Clean (Автоматты тазалау) түймесін басыңыз, тазалау циклінің ұзақтығы дисплейде көрінеді.
2. Функцияны іске қосу үшін, Start (Жылдам іске қосу) түймесін басыңыз.

### Тамақ дайындау циклі аяқталған кезде:

1. Stop (Тоқтату) түймесін басыңыз.
2. Контейнерді алыңыз.
3. Ішкі беттерін тазалау үшін жұмсақ жуғыш құрал жағылған жұмсақ шүберек немесе қағаз сүлгіні пайдаланыңыз.



Кеңестер мен ұсыныстар:

- Тиімді тазалау нәтижесіне қол жеткізу үшін диаметрі 17-20 см және биіктігі 6,5 см төмен контейнерді пайдаланған дұрыс.
- Микротолқынды пеш үшін жарамды жеңіл пластик материалдан жасалған контейнерді пайдаланған жөн.
- Тазалау циклі аяқталғаннан кейін контейнер ыстық болатындықтан, контейнерді микротолқынды пештен алған кезде ыстыққа төзімді қолғаптарды киген дұрыс.
- Тазалау әсерін күшейту және жағымсыз иістерді кетіру үшін, суға біраз лимон шырынын немесе сірке суын қосыңыз.
- Гриль элементі тазалауды қажет етпейді, себебі қарқынды қыздыру барлық шашырандыны күйдіріп тастайды, бірақ айналасын жүйелі түрде тазалау қажет. Бұл жұмсақ және дымқыл матамен және сұйық жуғыш құралдың көмегімен орындалуы қажет.
- Егер гриль жиі пайдаланылмаса, өрт қаупін азайту үшін, ондағы шашырандыларды күйдіру мақсатында оны айына 10 минут бойы жұмыс істету қажет.



## KEEP WARM (ЖЫЛУДЫ САҚТАУ)

Бұл функция тағам жылуын автоматты түрде сақтауға мүмкіндік береді.

1. Keep Warm (Жылуды сақтау) түймесін басыңыз.
2. Қолайлы уақытты белгілеу үшін +/- түймесін, содан кейін START (Жылдам іске қосу) түймесін басыңыз.



Жылы күйінде ұстау циклі 15 минутқа созылады (өдепкі 30 минут), әсері жақсы болуы үшін 15 минуттан ұзақ уақыт таңдаңыз.



## MICROWAVE (МИКРОТОЛҚЫН)

Микротолқын қуатымен жеке дайындау үшін тамақ дайындаудағы қуат деңгейін таңдау үшін Micro (Микро) түймесін бірнеше рет басыңыз, содан кейін қажетті дайындау уақытын орнату үшін +/- түймесін басыңыз. Ең ұзақ дайындау уақыты - 90 минут.

1. Microwave (Микротолқын) түймесін басыңыз. Дисплейде әдепкі қуат деңгейі (700 Вт) көрсетіледі және ватт белгішесі жыпылықтайды.
2. Қолайлы дайындау қуатын орнату үшін бірнеше рет Micro (Микро) түймесін немесе +/- түймесін, содан кейін START (Жылдам іске қосу) түймесін басыңыз.
3. Дайындау уақытын орнату үшін + / - түймесін басыңыз, содан кейін дайындауды бастау үшін START (Жылдам іске қосу) түймесін басыңыз.



Қуатты өзгерту қажет болса, Micro (Микро) түймесін қайта басыңыз, қажетті қуат деңгейін төмендегі кестеден таңдауға болады.

ҚУАТ	ҰСЫНЫЛҒАН ҚОЛДАНЫС
90 Вт	Балмұздақ, сарымай және ірімшікті жұмсарту.
160 Вт	Еріту.
350 Вт	Етті бұқтыру, майды еріту.
500 Вт	Мұқияттылықты қажет ететін тағамдарды дайындау, мысалы, құрамында ақуызы көп тұздықтар, ірімшік және жұмыртқадан жасалған тағамдар мен қыш құмырада әзірленген тағамдарды дайындау.
700 Вт	Балық, ет, көкөністер, т.б. дайындау. Сусындар, су, сорпа, кофе, шай немесе құрамында суы көп басқа тағамды қайта жылыту. Тағам құрамында жұмыртқа немесе крем бар болса, төмен қуатты пайдаланыңыз.



## DEFROST (ЕРІТУ)

Бұл функцияны етті, үй құсын, балықты және көкөністерді еріту үшін пайдаланыңыз.

1. Defrost (Еріту) түймесін басыңыз.
2. Төмендегі кестеде көрсетілген тағам санатын таңдау үшін Defrost (Еріту) түймесін қайта-қайта басыңыз немесе +/- түймесін басыңыз, содан кейін растау үшін START түймесін басыңыз.
3. Салмағын орнату үшін +/- түймесін басыңыз Содан кейін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басып, іске кірісіңіз.

ТАҒАМ ТҮРІ	САЛМАҒЫ	ҰСЫНЫЛҒАН ҚОЛДАНЫС
P1	100 г - 2000 г	Тартылған ет, котлет, стейк немесе қуырдақ. Тамақ дайындаудан кейін, ең жақсы нәтижеге жету үшін, тамақтың кемінде 5 минут тұруына мүмкіндік беріңіз.
P2	100 г - 1000 г	Үлкен, орташа және ұсақ кесілген көкөністер. Тамақты ұсыну алдында ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, тамақтың 3-5 минут тұруына мүмкіндік беріңіз.
P3	100 г - 2000 г	Бүтін стейк немесе балық субесі. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, тамақтың 5-10 минут тұруына мүмкіндік беріңіз.
P4	100 г - 2000 г	Бүтін тауық, кесектер немесе субелер. Тамақ дайындаудан кейін, ең жақсы нәтижеге жету үшін, тамақтың 5-10 минут тұруына мүмкіндік беріңіз.



Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, өнімді тікелей айналмалы әйнек науада еріткен дұрыс.

- Егер тағам мұздату температурасынан (-18°C) жылы болса, тағамның азырақ салмағын таңдаңыз.
- Егер тағам мұздату температурасынан (-18°C) салқын болса, тағамның көбірек салмағын таңдаңыз.
- Кесектерді ери бастағанда бөліңіз.



Функция түймесін 3 секундқа жіберген соң тамақ дайындау рецепті расталады, рецепт түрін өзгерту үшін функция түймесін қайта басыңыз.



## START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ)

Бұл мүмкіндік пешті жылдам іске қосуға мүмкіндік береді. START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін бір рет басыңыз, пеш автоматты түрде толық қуат деңгейінде жұмысын бастайды. Дайындау кезінде уақыт қосу үшін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз. Ең ұзақ дайындау уақыты - 90 минут.



1. START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз. Тамақ дайындау процесі бұрыннан басталып кетсе де қуат деңгейін және ұзақтық уақытын өзгертуге болады. Қуат деңгейін реттеу үшін Microwave (Микротолқын) түймесін қайта-қайта басыңыз. Ұзақтық уақытын өзгерту үшін, +/- түймесін басыңыз немесе ұзақтығын 30 секундқа арттыру үшін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін бір рет басыңыз.



## SOFT/MELT (ЖҰМСАРТУ/ЕРІТУ)

Оңтайлы тамақ дайындау нәтижелерін ұсынуға арналған алдын ала орнатылған мәндері бар АВТОМАТТЫ РЕЦЕПТИЛЕРДІҢ ІРІКТЕМЕСІ.

1. Soft/Melt (Жұмсарту/Еріту) түймесін басыңыз.
2. Қажетті рецептіні таңдау үшін (төмендегі кестені қараңыз) бірнеше рет Soft/Melt (Жұмсарту/Еріту) түймесін немесе +/- түймесін басыңыз.
3. Рецептін растау үшін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басып, кестеде салмақ ауқымы болған кезде салмақты таңдау үшін +/- түймесін басыңыз.
4. START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз. Функция іске қосылады.



Функция түймесін 3 секундқа жіберген соң тамақ дайындау рецептісі расталады, рецепт түрін өзгерту үшін функция түймесін қайта басыңыз.



Функция түймесін 3 секундқа жіберген соң тамақ дайындау рецептісі расталады, рецепт түрін өзгерту үшін функция түймесін қайта басыңыз.

ТАҒАМ ТҮРІ		САЛМАҒЫ		КЕҢЕС	
P 1	Жұмсарту		Май	50 - 500 г/50 г	Тоңазыған күйде қаптамасынан шығарып, микротолқынды пешке арналған қауіпсіз ыдысқа салыңыз
P 2	Жұмсарту		Бал-мұздақ	100-1000 г/50 г	Мұз күйінде балмұздақ контейнерін айналмалы платформаға қойыңыз.
P 3	Жұмсарту		Кілегейлі ірімшік	50 - 500 г/50 г	Тоңазыған күйде қаптамасынан шығарып, микротолқынды пешке арналған қауіпсіз ыдысқа салыңыз
P 4	Жұмсарту		Тоңазытылған шырын	200 - 1000 г/250 г	Мұз күйінде контейнер қақпағын алыңыз.
P 5	Еріту		Май	50 - 500 г/50 г	Тоңазыған күйде қаптамасынан шығарып, микротолқынды пешке арналған қауіпсіз ыдысқа салыңыз
P 6	Еріту		Шоколад	100 - 500 г/50 г	Бөлме температурасында микротолқынды пешке арналған қауіпсіз ыдысқа салыңыз
P 7	Еріту		Ірімшік	50 - 500 г/50 г	Тоңазыған күйде микротолқынды пештің қауіпсіз ыдысына салыңыз.
P 8	Еріту		Зефир	100 - 500 г/50 г	Бөлме температурасында микротолқынды пешке арналған қауіпсіз ыдысқа салыңыз. Зефирлер дайындау кезінде ұлғаятындықтан, ыдыс кемінде екі есе көлемді болуы керек.



## GRILL (ГРИЛЬ)

Бұл функция тағамдарға қоңырқай түс беріп, гриль не қабықша әсерін тудыру үшін қуатты грильді қолданады.

Grill (Гриль) функциясы ірімшік қосылған тост, ыстық сэндвичтер, картоп крокеттер, шұжық пен көкөністер сияқты тағамдарға қоңырқай түс беруге мүмкіндік береді.

1. Grill (Гриль) түймесін басыңыз, START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басып, растаңыз.
2. Тағам дайындау уақытын орнату үшін +/- түймесін басыңыз.
3. Тамақ дайындауды бастау үшін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз.





- Ірімшік, тост, стейк және шұжық сияқты тағамдар үшін тағамды торға қойыңыз.
- Бұл функцияны пайдалану кезінде қолданылатын аспаптардың жылуға төзімді екендігіне көз жеткізіңіз.
- Грильде қуыру кезінде пластик ыдыстарды пайдаланбаңыз. Олар балқып кетеді. Ағаш және қағаз заттар да жарамсыз.
- Абай болыңыз, гриль элементін ұстамаңыз.
- Тамақ дайындау процесі бұрыннан басталып кетсе де ұзақ уақытын өзгертуге болады.
- Ұзақ уақытын өзгерту үшін, +/- түймесін басыңыз немесе ұзақтығын 30 секундқа арттыру үшін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін бір рет басыңыз.








## AUTO COOK (АВТОМАТТЫ ТАМАҚ ДАЙЫНДАУ) МӘЗІРІ






Оңтайлы тамақ дайындау нәтижелерін ұсынуға арналған алдын ала орнатылған мәндері бар **АВТОМАТТЫ РЕЦЕПТИЛЕРДІҢ ІРІКТЕМЕСІ**.

1. Auto Cook (Автоматты тамақ дайындау).
2. Қажетті рецептіні таңдау үшін (төмендегі кестені қараңыз) бірнеше рет Auto Cook (Автоматты тамақ дайындау) түймесін немесе +/- түймесін басыңыз.
3. Рецептіні растау үшін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басып, кестеде салмақ ауқымы болған кезде салмақты таңдау үшін +/- түймесін басыңыз.
4. START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз. Функция іске қосылады.

 Таңдалған рецептіге сәйкес, белгілі бір уақыттан кейін, дисплейде тағамды аудару немесе араластыру сұралады. 7-беттегі “Тағамды қосу/араластыру/аудару” тарауын қараңыз.

 Функция түймесін 3 секундқа жіберген соң тамақ дайындау рецептісі расталады, рецепт түрін өзгерту үшін функция түймесін қайта басыңыз.

РЕЦЕПТ	ЭЛЕМЕНТ	БАСТАПҚЫ КҮЙІ	САЛМАҚ МӨЛШЕРІ	ҰЗАҚ ТЫҚ	ДАЙЫНДАУ
 Қамырдың көтерілуі	1	Бөлме температурасы	500 - 1000 г	65 мин	Пешке 200 мл су қойыңыз. Пеш белгі берген кезде өзiрленген қамырды салыңыз. Контейнер көлемі қамырдан кемінде 3 есе үлкен болуы керек. Кері санау кезінде есігін ашпаңыз.
 Йогурт)	2	Бөлме температурасы	1000 г	5 h 20 мин	Контейнерді тазарту үшін қайнаған сумен пайдаланыңыз. Контейнерге 1000 г сүт және 1 г йогурт ашытқысын (қыздыруға төзімді) немесе 15 г йогурт салыңыз, содан кейін 50 г қант қосып. Есептеу кезінде есікті ашпаңыз.
 Кекстер	3	Бөлме температурасы	300г	4 мин	Контейнерге 125 г жұмыртқа және 170 г қант салып, 2-3 минут бойы араластырыңыз, 170 г ұн, 10 г қамыр қопсытқышы, 100 г су, 50 г май қосып, жақсылап араластырыңыз, содан кейін тағамды қалыптарына салыңыз. Бірдей жылуды қамтамасыз ету үшін шыныларды айналмалы платформаға айналдыра қойыңыз.
 Көкөністер	4	Бөлме температурасы	200 - 500 г /50 г	4-7 мин.	Көкөністі бірнеше бөлікке кесіп, 2 ас қасық су қосыңыз.
 Сорпа	5	Тоңазытқыш температурасы	300 - 1200 г /300 г	4-11 мин	Ыдыстың қақпағын аздап ауа кіретіндей жабыңыз.
 Жасыл бадана	6	Бөлме температурасы	200 - 500 г /50 г	4-7 мин	2 ас қасық су қосып, ыдыс қақпағын жабыңыз.
 балық сүбесі	7	Тоңазытқыш температурасы	200 - 500 г /50 г	4-7 мин.	Ыдыстың қақпағын ауа кіретіндей жабыңыз.

 Ет бәліші	8	Бөлме температурасы	400-900г /100 г	30-39 мин	800 г тартылған етті, 2 жұмыртқаны және 1,5 г тұзды араластырыңыз Бетін таспамен жауып қойыңыз
 Гамбургер	9	Бөлме температурасы	100 - 400 г /100 г	15-30 мин	Торға гамбургерді (100 г/әрқайсысы) қойыңыз. Пеш нұсқау бергенде тамақты аударыңыз.
 Үй лазаньясы	10	Бөлме температурасы	250-1000г /50 г	18-37 мин	Сізге ұнайтын лазанья рецептін дайындады
 Картоп гратені	11	Бөлме температурасы	750-1200г /50 г	28-43 мин	①Құрамы: 750 г тазартылған картоп, 100 г кесілген ірімшік, құрғақ затқа 25-30% сары май, 50 г жұмыртқаның ағы мен сарысы, араластырылған 200 г сүт және крем (15-20%), 5 г тұз, 5 дайындалу жолы төмендегідей: Асүй жабдықтарының көмегімен картопты шамамен 4 мм қалыңдықта тураңыз. ②Ыдыстың жартысына дейін туралған картопты, ал қалған жартысына кесілген ірімшікті салыңыз. ③Қалған картопты қосыңыз. Жұмыртқаны, сүтті кремді және тұзды электрлік миксермен араластырып, оны картоптың үстіне құйыңыз. Соңында қалған ірімшікті тамақтың бетіне бірқалыпты етіп жайыңыз.
 Омлет	12	Бөлме температурасы	1-4 жұмыртқа	2-4 мин	Жұмыртқа мен суды бірге жақсылап араластырып, өлшеуіш стаканды пластик қаптамамен жабыңыз.



## COMBI MICROWAVE + GRILL (КОМБИ МИКРОТОЛҚЫН + ГРИЛЬ)

**Бұл функция** Microwave (Микротолқын) және Grill (Гриль) жылытуын біріктіріп, қабықшалы тағамдарды қысқа уақытта дайындауға мүмкіндік береді.

1. Combi Grill (Комби гриль) түймесін басыңыз.
2. Тамақ дайындау түрін таңдау үшін Combi Grill (Комби гриль) түймесін қайта-қайта басыңыз, содан кейін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басып, растаңыз.
3. Тамақ дайындау уақытын орнату үшін +/- түймесін басыңыз, содан кейін тамақ дайындауды бастау үшін START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басыңыз.



- Осы функцияны пайдаланған кезде қолданылатын ыдыстардың микротолқынға және қызуға берік екеніне көз жеткізіңіз.
- Грильде қуыру кезінде пластик ыдыстарды пайдаланбаңыз. Олар балқып кетеді. Ағаш және қағаз заттар да жарамсыз.
- Абай болыңыз, гриль элементін ұстамаңыз.
- Тамақ өзірлеу процесі басталып кеткеннің өзінде +/- түймесін басып, тамақ дайындау ұзақтығын өзгертуге болады. Не болмаса, START (ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ) түймесін басып, дайындау уақытын 30 секундқа ұзартыңыз.

ТАҒАМ ТҮПІ	ҰСЫНЫЛҒАН ҚОЛДАНЫС
C0_1	Теңіз тағамы, пудинг. Тамақ дайындалғаннан кейін, еңдәмді болуы үшін, тамақты кемінде 5 минутқа қойып қойыңыз.
C0_2	Ет, бүгін тауық, кесектер немесе сүбелер. Тамақ дайындаудан кейін ең жақсы нәтижеге жету үшін, тағамды кемінде 5-10 минутқа қалдырыңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Үлгісі	MWHA 203 W
Кернеу кезі	230-240 В-50 Гц
Жұмыс жиілігі	2450МГц
Шығыс қуаты	700Вт
Номиналды кіріс қуаты	1200 Вт
Grill (Гриль)	1000 W
Пеш көлемі	20л
Салмағы	12Кг
Сыртқы өлшемдер (Б x Е x Қ)	262 x 452 x 363
Ішкі өлшемдер (Б x Е x Қ)	210 x 315 x 329

## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Біз өз тұтынушыларымызға қызмет көрсетеміз және сервистік қызметті жоғары деңгейде ұсынуға тырысамыз. Сізге құрылғымен оңай және қолайлы жұмыс жасауға мүмкіндік беру үшін өз өнімдерімізді үздіксіз жетілдіріп отыруға тырысамыз.

### Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары

Өз тұтынушыларымызға жақынырақ болу үшін шебер мамандарының жоғары деңгейдегі кәсіби дайындығы мен әділдігімен ерекшеленетін қызмет көрсету желілерін қалыптастырдық.

### Ақау пайда болған жағдайда

Қызмет көрсету орталығына хабарласар алдында, ақаулықты өзіңіз түзетіп көруге тырысыңыз ("Ақаулықтар және оларды түзету жолдары" тарауын қараңыз).

Қызмет көрсету орталығына кепілдік құжатында көрсетілген телефон нөмірімен хабарласуға болады.

**! Біз уәкілетті қызмет көрсету орталықтарына ғана хабарласуды ұсынамыз**

**! Жөндеу жұмыстарын іске асырған кезде фирмалық бөлшектерді ғана қолдануын талап етіңіз.**

**Қызмет көрсету орталығына хабарласар алдында келесі мәліметтерді беруге дайын екеніңізді тексеріп алыңыз:**

- Ақаулық түрін сипаттау;
- Кепілдік құжатының нөмірі (қызмет көрсету кітапшасы, қызмет көрсету сертификаты т.с.с.);
- Құрылғының ақпарат тақтайшасында немесе кепілдік құжатында көрсетілген құрылғының моделі және сериялық нөмірі (S/N);
- Құрылғының сатылған ай-күні

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС

Орам материалын толығымен қайта өңдеу керек екені арнайы таңбамен көрсетілген. Жергілікті жердегі қоқысқа тастау ережелерін сақтаңыз. Қауіпті орам материалдарын (пластик қаптар, полистирол және т.б.) балалардың қолдары жетпейтін жерлерде сақтаңыздар.

Бұл құрылғының электр және электрондық құрылғыларын (WEEE) утилизациядан өткізудің Еуропалық ережесіне 2012/19/UE сәйкес келетінін көрсететін таңбасы бар. Ұсынылған утилизация ережелерін сақтай отырып, осы ережелер сақталмаған жағдайда қоршаған орта мен адам денсаулығына келуі ықтимал қауіптің алдын алуға үлес қосасыз.

## ЕСКІ ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОҚЫСҚА ЛАҚТЫРУ



Қоқыс электр және электрондық өнімдер (WEEE) туралы 2012/19/UE еуропалық директивасы ескі тұрмыстық электр құрылғыларын әдеттегі сұрыпталмаған тұрмыстық қыс ағынында лақтырмауды талап етеді.



Қамтитын материалдарды қалпына келтіруді және қайта өңдеуді оңтайландыру және адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға ықпалды азайту үшін ескі құрылғыларды бөлек жинау керек. Өнімдегі сызылған «дөңгелекті себет» таңбасы құрылғыны бөлек лақтыру міндеті туралы еске салады. Тұтынушылар ескі құрылғысын дұрыс қоқысқа лақтыруға қатысты ақпарат алу үшін жергілікті билік органына немесе ритейлерге хабарласуы керек.

## ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

- Өнімді түпнұсқа қаптамада көлденең күйінде тасымалдау керек.
- Тасымалдау және сақтау кезінде өнімді ауа райының әсерінен және механикалық зақымдалудан қорғаңыз.
- Өнімді қапталған күйінде жылытылмайтын бөлмеде төмендегі температура шегінде сақтау керек:  
- +5°C - +40°C
- Өнімді қаптама ішінде табиғи желдетілетін және салыстырмалы ылғалдылығы максималды 80% болатын бөлме ішінде сақтау керек.



Өнімнің орамасы біздің ұлттық заңнамаға сай қайта өңдеуге болатын материалдардан жасалған. Бума материалдарын тұрмыстық немесе басқа қоқыстармен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Оларды жергілікті билік органдары белгілеген бума материалын жинау орындарына апарыңыз.

<b>Өнім:</b>	Автономды микротолқынды пеш
<b>Сауда белгісі</b>	<b>Hotpoint</b>
<b>Үлгі</b>	MWNA 203 W
<b>Өндіруші</b>	“Arçelik A.S.” Караагач данғылы, Нөмер 2-6 Sütlüce, 34445, Түркия
<b>Дайындаушы ел</b>	Қытай
<b>Электр тогының соғуына қарсы қорғау класы</b>	I
<b>Осы технологияны өндіру күнін сериялық нөмірден (S / N XXXXXXXXXX * XXXXXXXXXX) алуға болады, мұндағы:</b>	- C / N ішіндегі 1-сан жылдың соңғы санын, 2 және 3-сан – айды, 4 және 5-сан – ай күнін білдіреді.

**“Arçelik A.S.”**

**Караагач данғылы, Нөмер 2-6 Sütlüce,**

**34445, Түркия**

<b>ИМПОРТТАУШЫ:</b>	<b>INP Appliances Sales LLC</b>
<b>Сұрақтарыңыз бар болса, мына мекенжайға хабарасыңыз (Ресейде):</b>	<b>125040, Ресей, Мәскеу, Беговой муниципалды ауданы, Ленинградский даңғылы, 15 корпус, 10 корпус, 1 қабат. Ресей Федерациясындағы сенім телефоны: 8 800 3333 887</b>
<b>УӘКІЛЕТТІ ТҮЛҒА:</b>	<b>INP Appliances Sales LLC</b>
<b>Сұрақтарыңыз бар болса, мына мекенжайға хабарасыңыз:</b>	<b>125040, Ресей, Мәскеу, Беговой муниципалды ауданы, Ленинградский даңғылы, 15 корпус, 10 корпус, 1 қабат. Ресей Федерациясындағы сенім телефоны: 8 800 3333 887</b>

# Hotpoint



“Arçelik A.S.”  
Караагач данғылы, Нөмер 2-6 Sütlüce,  
34445, Түркия

MWHA 203 W